

Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 293 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.30 № 293 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы мақұлданды.
2. Қазақстан Республикасының көші-қон және демография жөніндегі агенттігі орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 2001 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Бағдарлама мен Іс-шаралардың жоспарын әзірлесін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 тамыздағы N 1272
қаулысымен мақұлданған

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Мемлекеттік демографиялық саясаттың тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) елдің демографиялық дамуының негізгі қағидаттарын, басымдықтарын және міндеттерін білдіреді. Аталған Тұжырымдамада демографиялық даму ретінде халық санының өсуін ынталандыруға бағытталған, ағымдағы және перспективадағы қажеттіліктерге жауап беретін саяси, әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық шаралардың кешені ұғылады.

Демографиялық даму экономиканың өсуіне, елдің қорғаныс қабілеті мен мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.

Демографиялық саясат Қазақстанның мемлекеттік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Ел Президентінің "Қазақстан-2030" жолдауында күшті

демографиялық саясат елдің ұлттық қауіпсіздігінің жетекші басымдықтары қатарына шығарылды.

Барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мемлекеттік демографиялық саясаттың субъектілері болып табылады. Мемлекеттік құрылымдардың демографиялық саясатты іске асыру жөніндегі әріптестері халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық және басқа да ұйымдар болуға тиіс.

Тұжырымдама адамның негізге алынатын құқықтарын сақтаудың негізінде жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, мемлекеттік демографиялық саясаттың негізін айқындайды.

Тұжырымдама әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру мен елдің тұрақты экономикалық дамуға көшуінің қазіргі заманғы кезеңіне және ұзақ мерзімдік перспективасына есептелген.

Елдің қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы белгілі бір дәрежеде таяу болашақта демографиялық дамуды реттеу жүйесінің шектеушісі болып табылады.

Мемлекеттік демографиялық саясат халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қағидаттары мен нормаларына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге негізделген.

Тұжырымдама демографиялық дамуды реттеудің дүниежүзілік тәжірибесін ескереді.

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Қазақстандағы демографиялық ахуал соңғы жылдары республика үшін туудың едәуір төмендеуіне, өлімнің көбеюіне (1996 жылдан бастап оның азаю тенденциясы байқалды) және халықтың көші-қондық кетуінің артуына орай қолайсыз ретінде бағаланып отыр.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің алдын ала деректері бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны 2000 жылдың 1 қаңтарында 14896,1 мың адамды құрады. Республикада 16426,5 мың адам тұрған 1993 жылдың басымен салыстырғанда, халықтың саны 1530,4 мың адамға немесе 9,3 пайызға кеміді.

1999 жылы туудың XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы ең төменгі

коэффициенті байқалды, туу 1000 адамға 14,0-ден келді, бұл республикада туудың ең биік шыңы белгіленген 1987 жылғы деңгейдің 54,5 пайызын құрайтын б о л д ы .

1999 жылы халықтың табиғи өсуінің коэффициенті төмендеді және 1000 адамға 4,3 болып ең төменгі шегіне жетті.

1999 жылы, өлімнің азаюына қарамастан, оның деңгейі жоғары күйінде қалды . Өлім коэффициенті 1990 жылғы деңгейден 22,8 пайызға жоғары, 1000 адамға 9 , 7 б о л д ы .

Халық өмірінің орташа ұзақтығы қысқарып барады. Оның деңгейі 1998 жылы 64,4 жасты, ал ер адамдарда небары 59 жасты құрады.

Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында халықтың табиғи азаюы басталды. Мұндай тенденцияның сақталуы жағдайында таяудағы болашақта ел бойынша тұтас алғанда халықтың құлдырап азаюы күтілуде.

Республикада тұратын қазақтардың саны 1999 жылғы халық санағының деректері бойынша 7985,0 мың адамды немесе республика халқының жалпы санының 53,4 пайызын құрайды. Республикадағы орыстар - 4479,6 мың адам н е м е с е 3 0 , 0 п а й ы з .

Мұның алдындағы (1989 жыл) санақпен салыстырғанда қазақтардың, ұйғырлардың, дүңгендердің, өзбектердің саны өсті. Немістердің саны күрт, жалпы алғанда 3 есеге азайды. Орыстардың, украиндардың, татарлардың және басқа ұлттардың саны да азайды.

Халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістерге репатрианттардың (оралмандардың) қоныс аударуы және басқа ұлттардың өздерінің тарихи отанына к ө ш і п к е т у і с е б е п б о л д ы .

Тұтас алғанда халық санының төмендеуі табиғи өсімнің төмендеуінен және халық көші-қонының теріс сальдосынан болып отыр.

2. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

Демографиялық саясаттың мақсаты - демографиялық процестердегі жағымсыз тенденцияларды жою, құлдырап азаюды болдырмау, ел дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қ а м т а м а с ы з е т у .

Демографиялық саясатты іске асыру кезінде мемлекеттік өкімет органдарының алдында мынадай міндеттер тұр:

өсіп-өнуді қоса алғанда, халықтың денсаулық жағдайын жақсарту; өлімді азайту және соның көрінісі ретінде өмірдің ұзақтығын ұлғайту; тууды тұрақтандыру және оны болашақта ұрпақтарды толық алмастыруды

және халықты ұдайы көбейтудің кеңейтілген режимін қамтамасыз ететін деңгейге дейін арттыру;
отбасының тыныс-тіршілігі жағдайын жақсарту, отбасы-неке қатынастарын нығайту;
көші-қон процестерін реттеу;
қоғам және жеке адам деңгейінде халықтың денсаулығы үшін жауапкершілікті арттыру;
экологиялық зілзаланың жағымсыз зардаптарын жеңу.
Мемлекеттік демографиялық саясат мына қағидаттарға негізделеді:
Нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан елдің барлық азаматтарының теңдігі;
өсіп-өнуді және отбасын жоспарлауды еркін таңдау;
аса маңызды әлеуметтік функция ретінде аналықты, БҰҰ-ның "Баланың құқықтары туралы" және "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жою туралы" Халықаралық Конвенцияларына сәйкес басымдық иелері ретінде балалардың мүдделерін сақтау кезінде өз балаларын тәрбиелеуде ата-ананың тең міндеттерін тану;
тууға, өлімге, өмірдің ұзақтығы мен демографиялық және көші-қондық процесстердегі жаңа тенденцияларды ескере отырып, көші-қонға ықпал етудің түрлі шараларын қамтитын кешенді көзқарас;
демографиялық саясатты іске асыруда бірыңғай негізін қалайтын нормалардың негізінде орталық және аймақтық органдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін аймақтық ерекшеліктерді есепке алу;
халықтың экологиялық қауіпсіздігі, биологиялық әралуандықты сақтау және табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыру.

3. МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Демографиялық ахуалдың қазіргі қолайсыз жағдайына және оның даму перспективаларына талдау жасау, біріншіден, демографиялық дамудағы басымдықтарды, екіншіден, негізгі бағыттарды, өтпелі кезеңде оларды шешудің тетіктерін айқындауға және ұзақ мерзімдік перспективаға - әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық және елдің тұрақты дамуы кезеңіне арналған іс-қимылдардың стратегиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бірінші кезеңде халық санының азаю қарқынын бәсеңдету жөнінде шара қолдану және оны тұрақтандыруға қол жеткізу қажет.

Б ұ л :

туудың құлдырауын бәсеңдету және оны тұрақтандырудың; өлімді азайтудың және өмірдің орташа ұзақтығын ұлғайту;

көшіп кетуді азайтудың және репатрианттардың (оралмандардың) қайтып оралуына қолайлы жағдай жасаудың есебінен шешілетін болады.

Е к і н ш і к е з е н д е :

тууды материалдық және моральдық ынталандырудың; көші-қонның оң сальдосына қол жеткізудің есебінен сан жағынан да, сапа жағынан да халықтың жалпы өсімі қамтамасыз етілуі тиіс.

Мемлекеттік демографиялық саясаттың халықтың дамуын реттеудегі негізгі бағыттары қазіргі заманғы ахуалды және әлеуметтік-экономикалық дамудың алғы шарттарын қатаң есепке алуға негізделген неғұрлым өзекті проблемалық бағыттар бойынша бағдарламалық-мақсатты іс-шараларды әзірлеу және іске асыру болып табылады.

Мемлекеттік демографиялық саясатты іске асырудың негізгі бағыттары: экономика мен әлеуметтік саланың барлық секторларының тепе-теңестірілген дамуын қамтамасыз етудің есебінен халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды;

санның ұлғаю серпінімен салыстырғанда елдің озыңқы экономикалық өсуі негізінде адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайын едәуір жақсартуды қамтамасыз ету;

салауатты өмір салтын насихаттаудың, адамның тыныс-тіршілігінің барлық элементтері профилактикасының, еңбек пен демалыстың, спорт ғимараттары мен спорт кешендерін пайдаланудың қол жетімділігі жөнінде шаралар қабылдаудың негізінде еліміз халқының денсаулық деңгейін көтеру;

халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту және оның санитариялық-гигиеналық сауаттылығын көтеру жөнінде шаралар қабылдау, мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды, бірінші кезекте экологиялық қолайсыз аймақтарда іске асыру;

халықтың, бірінші кезекте, еңбекке қабілетті жастағы адамдардың, еңбек жағдайының нашарлауына, нашақорлық пен алкоголизмнің таралуына байланысты жазатайым жағдайлардан, өндірісте улану мен жарақаттанудан өлімін азайту;

туберкулезбен, диабетпен және басқа да әлеуметтік маңызы бар аурулармен және айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулармен науқастануды азайту;

өмірдің орташа ұзақтығын ұлғайту, денсаулық сақтаудың дамуы деңгейін арттыру есебінен әйелдермен салыстырғанда еркектер өмірінің ұзақтығы арасындағы айырмашылықты қысқарту, зейнеткерлерге арналған әлеуметтік көмек және емдеу-сауықтыру мекемелері желілерін кеңейту. Жасы келген азаматтар үшін күндізгі стационарларды дамыту;

туудың құлдырауын бәсеңдету және оны тұрақтандыру, бала туылған кездегі,

көп балалы отбасылар, жалғыз басты аналар үшін материалдық жәрдемнің тізбесі мен көлемін ұлғайту жолымен тууды материалдық ынталандыру жүйесін құру;

өсіп-өну үшін денсаулықты сақтау жөніндегі бағдарламаларды іске асыру, өсіп-өну қам-қарекеті, ана болудың қауіпсіздігі, адамгершілік-жыныстық және мәдени-этникалық тәрбие, отбасылық өмірге даярлау мәселелері бойынша ақпарат жүйе құру, халықтың контрацепцияның қазіргі заманғы құралдары мен әдістеріне деген қажеттігін қамтамасыз ету, оқу орындарының бағдарламасына

валеология оқу пәнін енгізу;

ана мен баланың денсаулығын қорғауды денсаулық сақтау саласындағы басымдықты бағыт деп тану. Бұл бағыттың негізгі мақсатты тапсырмасы: сәбилер өлімінің коэффициентін төмендету және құрылымын дамыған елдерге жақындату жағына өзгерту;

туу кезінде ана өлімін, жүктілік пен туғаннан кейінгі кезеңдегі асқынуды қысқарту;

адамның иммундық тапшылық вирусымен және СПИД-пен, және жыныстық жолмен жұғатын аурулармен зақымдануының алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

әйел бедеулігінің алдын алу және оны емдеу, аборттың алдын алу және аборттың зардаптарын жою;

отбасы-неке қатынастарын нығайту жөніндегі заңнаманы жетілдіру және насихаттау отбасы мәртебесін көтеру;

еркектің отбасы-неке қатынастарын нығайтудағы рөлі мен жауапкершілігін арттыру, жалғыз бастыларды таныстырудың түрлі клубтары желілерін дамыту;

эмиграцияны реттеу және ескертулік шараларды жүзеге асыру жолымен көші-қондық азаюды бәсеңдету. Иммиграцияны реттеу республиканың нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, этникалық қазақтардың елге оралуы жөніндегі жыл сайынғы экономикалық негізделген квотаны белгілеу;

өз отанына оралған отандастарымызды қабылдау және жайластыру үшін қолайлы жағдай жасау, олардың әлеуметтік ортаға тезірек кірігуі үшін жағдайды қамтамасыз ету шет елдердегі қазақ диаспорасының қабілетті және дарынды балаларын, жасөспірімдері мен жастарын Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларымен бірдей оқу орындарына қабылдау. Шет елдердегі қазақ диаспорасымен сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау және дамыту;

этникалық қазақтар шығатын елдермен азаматтықтан шығудың оңайлатылған тәртібі туралы мемлекетаралық келісімдерге қол қою;

иммиграциялық бақылауды енгізу және жүзеге асыру жолымен иммиграциялық процестің бақылануын қамтамасыз ету;

әр азаматтың өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру халықтың өзін салауатты өмір салтын қалыптастыру процесіне тарту;

мемлекеттік мектеп жасына дейінгі балалар ұйымдарын қалпына келтіру және олардың тұрақты жұмыс істеуі жөнінде шара қабылдау мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлер мен демалыс үйлерінде оқушыларды сауықтыруды қамтамасыз ету;

мемлекеттік білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтерді құру, мектептерде, интернаттарда және мектеп жасына дейінгі ұйымдарда психолог және әлеуметтік педагог қызметін енгізу;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру ;

арнаулы түзету мекемелерінің, балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің және мектеп-интернаттардың материалдық-техникалық базасын нығайту балалық шақты әлеуметтік қорғаудың ғылыми-әдістемелік базасын құру, кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-құқықтық кепілдіктерін кеңейту, қорғаншылыққа мұқтаж балалардың мүліктік және басқа мүдделерін қорғау;

кәмелетке толмағандардың қылмыс, құқық бұзушылық жасауының және қадағалаусыздығының алдын алу жөнінде кешенді бағдарлама әзірлеу. Түзеу мекемелеріндегі өндірістің мүдделерін, сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін еңбекке орналастырудың мүмкіндігін ескере отырып, оларды оқыту жүйесін құру .

4. МЕМЛЕКЕТТІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясаты теңдестірілген идеологиялық және негізделген қаржы-экономикалық саясаттың есебінен жүзеге асырылады. Демографиялық саясаттың негізгі әдістері ретінде ықпал етудің экономикалық, әкімшілік-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық шаралары пайдаланылады.

Демографиялық саясатты іске асырудың басты нысаны бағдарламалық мақсатты әдіс - мемлекеттік демографиялық бағдарламаны, демографиялық проблемаларды шешуге бағытталған өзге де республикалық мақсатты бағдарламаларды, аумақтық органдардың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру болып табылады.

Демографиялық дамудың стратегияларын іске асыру:

бар нормативтік құқықтық кесімдерді, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық-әкімшілік қадамдар мен іс-шараларды олардың демографиялық өсу жөніндегі жаңа міндеттерге сәйкестігі бөлігінде тексеруді және жаңаларын жасауды ;

демографиялық даму жөніндегі саясатты, стратегияларды және бағдарламаларды әзірлеу үшін қажетті мемлекеттік ресурстар бөлуді, сондай-ақ халықаралық ұйымдар, донорлар және мамандардың тарапынан көмектерді т а р т у д ы ж әне п а й д а л а н у д ы ; демография жөніндегі тұжырымдамалық, ал кейін стратегиялық

нұсқауларды жалпыұлттық және салалық жоспарлауға және олардың мониторингіне міндетті түрде енгізуді;

деректерді жинау және талдау үшін ұлттық әлеуетті тығыз үйлестіруді жүзеге асыруды және нығайтуды, демографиялық дамуды кешенді зерделеу, болжау және жоспарлау үшін стратегиялық зерттеулер жүргізуді және деректердің базасын әзірлеуді;

демографиялық даму процестерін реттеу нұсқауларын насихаттауда және іске асыруда мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарын қолдауды көздейді.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.